Журналистика	6B03239															
Сандық медиа және тележурналистика	6B03279															
3	<p>ЕКТЖ үдерістерінің жеткілікті деңгейде қадағаланбауы. Жұмыс басталған, бірақ әлі нәтижесі жоқ. Оқу бағдарламаларының жаңартылуы қажет.</p>	<p>Факультеттің магистратура және PhD докторантура білім беру бағдарламалары толық реестрге енгізілді. Қазіргі таңда бакалавриат деңгейі (6B01101-Педагогика және психология, 6B01202-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу, 6B01303-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі, 6B01615-Тарих, 6B02231-Тарих, 6B03239- Журналистика, 6B03279-Сандық медиа және телерадиожурналистика) 2023-2024 оқу</p>														

		<p>жылына толықтай жаңартылып, реестрге тіркелуге дайындалу үстінде. БББ-ның оқыту нәтижелері қайта қарастырылып, жаңа кәсіптік стандартқа сәйкестендірілді. Пәндердің кредиттері ұлғайтылып, ірілендіру жұмыстары жүргізілді. Кафедралардың, факультеттің оқу-әдістемелік комитеті мен Сапаны қамтамасыз ету комиссиясының кеңестерінде талқыланды.</p> <p>Жақсарту шаралары: 2023-2024 оқу жылында бакалавриат деңгейінің БББ-ын жұмыс берушілер, білімгерлер, факультеттің Оқу-әдістемелік комитеті, ФСҚК тарапынан талдау жасау, ұдайы мониторинг жүргізу (Жауапты: кафедра меңгерушілері, ОӘК және ФСҚК төрайымдары).</p>
4	<p><i>Мақала жариялауға қатысты профессор-оқытушылар құрамының кемшіліктері, олардың ресурстық, материалдық және біліктілік талаптары қажеттіліктерді талдау арқылы анықталып, оларға қажетті мүмкіндіктер мен қолдаулар қамтамасыз етілуі керек.</i></p>	<p>Факультет оқытушы-профессорлар құрамының арасында белгілі бағыттар бойынша халықаралық жоғары рейтингілі басылымдарда мақалалары үзбей жарияланатын ғалымдар бар. Атап айтқанда тарихшы мамандардың зерттеулерінде әлемдік ғылыми кеңістікке интеграциялану бойынша алға жылжу бар. Алайда педагогикалық бағытта әлі де болса халықаралық деректер базасында индекстелетін журналдар тізімінен түсіп қалған «жыртқыш» журналдарда мақала жариялау орын алуда. Бұл жағдайдың басты себебін былай көрсетуге болады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ақылы ғылыми басылымдарға, делдал фирмалардың қызметіне жүгіну; - жарияланған мақалалар тақырыптары сараланған кезде педагогика саласында жүрген мамандардың басым бөлігінің өз зерттеу бағыттарының болмауы, бір-біріне зерттеу бағыттары сәйкес келмейтін оқытушылардың қосылып мақала шығаруы; - халықаралық ғылыми кеңістікте өзекті саналатын бағыттар бойынша зерттеу жүргізу әлеуетінің төмендігі. <p>Жақсарту шаралары: 2023-2024 оқу жылына факультеттегі жетекші, тәжірибелі мамандар және деканат тарапынан педагогика саласы бойынша бірнеше өзекті зерттеу бағыттарын анықтап, зерттеушілер тобын құру. Білім бағытындағы рейтингісі жоғары (Q1-Q4) ғылыми басылымдар туралы тұрақты түрде ОПҚ-ны ақпараттандырып отыру. (Жауапты: деканат, кафедра меңгерушілері. Орындалу</p>

		мерзімі: 2023 жыл, маусым.)
5	<p><i>Ғылыми-зерттеу процесіне жергілікті қолдау көрсетіліп, осы мақсатта факультеттер мен кафедралар базасында сапалы ғылыми зерттеу жұмыстарын дайындайтын профессорлардың санын арттыру керек, олардың жетекшілігімен зерттеу топтары құрылуы қажет</i></p>	<p>Факультетте жыл сайын (соңғы 2 жылда) сапалы ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізетін, гранттық қаржыландыру конкурстарының талаптарына сәйкес келетін ОПҚ құрамы анықталып, тізім жасалып отырады. Бұл тізім ғылым бөліміне де ұсынылады. Осындай талапқа жауап беретін факультет зерттеушілері тарапынан ҚР ҒЖЖБМ Ғылым комитетінің Ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру бойынша 2022-2024 жылдарға жарияланған конкурсқа жалпы 5 ғылыми жоба ұсынылып, 1 ғылыми жоба қаржыландырылды. Ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру бойынша 2023-2025 жылдарға жарияланған 3 конкурс бойынша жалпы 8 ғылыми жоба ұсынылды. Нәтижелері енді белгілі болады. Соңғы жылдары факультет ОПҚ тарапынан ғылыми жоба жазуға деген ынта, талпыныс өткен жылдармен салыстырғанда артып келеді. Алайда педагогикалық, білім саласындағы ғылыми зерттеу жұмыстарын біріздендіру, зерттеу тобын құру қажет (4 пунктте жауап берілді).</p>
6	<p><i>Шетелден студент қабылданғанымен университетте халықаралықтану бағытында студент/оқытушы алмасу жұмыстарының және ортақ диплом бағдарламаларының жеткіліксіз болуы (іске асыру деңгейінде)</i></p>	<p>Факультетте студент/оқытушы алмасу жұмыстары университетіміздің стратегиялық даму жоспарында көрсетілген межеге толықтай жете алмағанмен жалпы көрсеткіш жылдан жылға артып келеді. Сонымен қатар, факультетте магистратура деңгейінде қос дипломдық бағдарламаларды Туркия Республикасының әріптес университеттерімен бірлесіп ашу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл бағытта ең алдымен белгілі деңгейде дайындығы бар ОПҚ құрамы мен білімгерлері бар кафедралар мен бағдарламалар таңдалынып алынды. «7M01303 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасына осы саланың білікті мамандары PhD доктор, доцент Ә.А. Құралбаева мен Туркия Республикасының ЖОО-дағы магистратура бағдарламаларын жетік білетін PhD доктор, доцент Гулхиз Пильтендер сараптама жасап қорытындыларын ұсынды.</p> <p>Қос дипломдық бағдарламаларын ашу бойынша Ахмет Ясауи университетінің «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі»</p>

білім беру бағдарламасы мен Гази университеті, Неджмеддин Ербакан университеті және Мугла Сыткы Кочман университетінің «Бастауыш сыныпта білім беру» білім беру бағдарламасы салыстырылды. Салыстыру барысында төмендігідей айырмашылықтар анықталды:

1. Ахмет Ясауи университетінің «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасындағы міндетті пәндер шеңберінен шыға алмаймыз (Ғылым тарихы және философиясы – 4, Шет тілі – 4, Басқару психологиясы - 4, Жоғары мектептің педагогикасы – 4, Педагогикалық практика – 4, Зерттеудің қолданбалы әдістері – 5, Академиялық ғылыми жазба -5. *Барлығы – 30 кредит міндетті пәндер бар*);

2. Түркиялық оқу орындарындағы магистратура білім беру бағдарламаларында практика қарастырылмаған.

3. Түркиялық оқу орындарындағы магистратура білім беру бағдарламалары бойынша тек 1-2 семестрде ғана теориялық сабақтар жүргізіліп (30+30/60 кредит), 3-4 семестрде магистранттар тек диссертациялық жұмыспен (30+30/ 60 кредит) айналысады.

4. Түркияның білім беру бағытындағы білім беру бағдарламасындағы пәндердің мазмұны Қазақстан білім беру бағдарламаларындағы пәндер мазмұнымен сәйкес келмейді.

5. Түркияның «Бастауыш сыныпта білім беру» білім беру бағдарламасында «Бастауыш сыныпта түрікше оқыту әдістемесі» пәні міндетті пән болып табылады. Міндетті болып табылатын бұл Қазақстан білім беру бағдарламасындағы «Бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәнін алмастыру мүкін емес. Себебі, тіл мен әріп және әдістемесіндегі айырмашылық көп.

6. Түркияның білім беру бағдарламалары бойынша «Бастауыш сыныпта математиканы оқыту әдістемесі», «Бастауыш сыныпта жаратылыстану пәнін оқыту әдістемесі», «Бастауыш сыныпта дүниетануды және әлеуметтік ғылымдарды оқыту әдістемесі» және «Бастауыш сыныпта түрікше оқыту әдістемесі» пәндерінің оқытулы қажет. Себебі, докторлық және доценттік

		<p>зерттеу жұмыстары үшін жоғарыда аталған пәндердің бірінен «Бастауыш сыныпта білім беру» білім беру бағдарламасы маманы болуы қажет.</p> <p>Қорыта келгенде Білім бағыты, яғни педагогикалық салада мамандар даярлауда әр елдің өзіндік ұлттық ерекшеліктері мен бірыңғай стандарттары бар екені анықталды.</p> <p>Жақсарту шаралары: 2023-2024 оқу жылына әріптес шетелдік ЖОО-мен ғылыми ынтымақтастықты арттыру, тәжірибе алмасу, ортақ ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында қос дипломдық, бірлескен білім беру бағдарламаларын «7М02210 -Тарих (ғылыми)» БББ бойынша жүзеге асыру. (Жауапты: Тарих кафедрасы меңгерушісі. Орындалу мерзімі: 2024 жыл, мамыр.)</p>
№	Сыртқы аудит эксперттерінің ұсыныстары (Түрік стандарттары институты)	Жақсарту шаралары
1	Процеске негізделген тәсілді дамыту және мүмкіндіктерді басқаруды жақсарту.	<p>Құрылымдақ бөлім басшыларының мүмкіндіктерін оң нәтижеге айналдыру мақсатында тиімді басқаруды жетілдіру шаралары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - 2022-2023 оқу жылында факультеттің және кафедралардың барлық бағыттары бойынша жүргізілген жұмыстарына талдау және дамыту бағыттарын анықтау; - 2023-2024 оқу жылында факультет пен кафедралардың сапа мақсаттарын анықтау (Университеттің Стратегиялық даму жоспарын т.б. негізге алу); - 2023-2024 оқу жылында анықталған дамыту бағыттарына сәйкес факультеттің және кафедралардың барлық бағыттағы жоспарларын тиімді мүмкіндіктерге қарай жоспарлау;
2	Сапа мәдениетін құруда талдаулар жүргізу, мәдени өзгерістері басқару.	Қызметкерлерге сапа мәдениетін дамыту туралы семинар өткізу жұмыстары бойынша факультет деканы және кафедра меңгерушілері 25.04.22ж. сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру және әкімшілдендіру бойынша, қызметкерлердің тиісті санаттары үшін сапа мәдениетін дамыту жөнінен оқыту семинарынан өтті.

		<p>С.У.Абжалов - факультет декан ұпай саны: 17; Д.С.Жаркинбаева – оқу ісі жөніндегі декан орынбасары ұпай саны: 16; А.Қ.Рысбекова «Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі, ұпай саны 16; А.Бельдибекова «Журналистика» кафедрасының меңгерушісі, ұпай саны: 17; А.Малдыбекова «Қоғамдық ғылымдар» кафедрасының меңгерушісі, ұпай саны: 19. Барлық қатысушылар тестілеу нәтижесінде 25 сұрақтың 50% жоғары көрсеткішке ие болады.</p>
3	<p>Құрылымдық бөлімшелерде анықталған сәйкессіздіктерді түзету және профилактикалық іс-әрекеттер жасау, әрбір сәйкессіздікке түбірлі-себептік талдаулар жасау.</p>	<p>Факультетке қарасты кафедраларда ... аралығында болған ішкі аудиторлық тескеру нәтижесінде бінеше сәйкессіздіктер анықталған еді. Анықталған сәйкессіздіктердің факультет деканы мен кафедра меңгерушілері тарапынан себептері анықталды және түзету әрекеттері жүзеге асырылды. Осыған сәйкес факультеттің және кафедраның түзетуші әрекеттер жоспары дайындалды және сәйкессіздіктер тиісті мерзімінде жойылды. Атап айтқанда, факультетте анықталған сәйкессіздіктер: іс-құжаттар номенклатурасы, құрылымдық ережесі, қызметтік нұсқаулар бекітілмеген. Бұл сәйкессіздік себебі факультет атауының өзгеруі болатын. Сәйкессіздіктерді жою шаралары жүргізілді: іс-құжаттар номенклатурасы, факультет деканы, декан орынбасарлары, әдістер, хатшысының қызметтік нұсқаулары жаңартылды және бекітілді. Бақылау данасы адам ресурстарын басқару бөліміне өткізілді.</p> <p>«Педагогика және психология» кафедрасы бойынша анықталған сәйкессіздіктер: тәуекелдер мен қауіп-қатерлер жоспарланған, бірақта журналы жасалынбаған, кіріс және шығыс журналдарын талапқа сай толтырмаған және 2022-2023 оқу жылының кафедра индикативті жоспары бекітілмеген. Сәкессіздік себептеріне талдау: біріншіден, кафедра тарапынан тәуекелдер мен қауіп-қатерлер жоспары дайындалғанымен журналға дер кезінде тіркелмеген. Екіншіден, кіріс және шығыс журналдар дайындалған, дегенмен құжаттар айналымы дұрыс жүргізілмеген. Яғни, шығыс немесе кіріс құжаттарының сипаттамасы, келген, шыққан уақыты толтырылмаған. Үшіншіден, кафедраның индикативті жоспары</p>

толықтырулар мен өзгерістерге сәйкес бекіту кейінге қалдырылған.

«Тарих» кафедрасы бойынша сәйкессіздіктер: тәуекелдер мен қауіп-қатерлер анықталмаған және журналы толықтырылмаған, кіріс және шығыс құжаттары талапқа сай толтырылмаған. Сәйкессіздік себептері: басшылық тарапынан мүмкін болатын тәуекелдер анықталмаған және алдын-алу жоспары мен журналы дайындалмаған, шығыс немесе кіріс құжаттарын тіркейтін журнал талапқа сәйкес уақыты толтырылмаған.

«Журналистика» және «Білім технологиясы» кафедралары бойынша құрылымдық ережелер, қызметтік нұсқаулар, тәуекелдер мен қауіп-қатерлерді алын-алу анықталмаған және журналға тіркелмеген. Сәйкессіздік себептері: біріншіден, факультет атауы және ұзарту мерзімі аяқталуына сәйкес құрылымдық ережелер мен қызметтік нұсқаулар дер кезінде дайындалып бекітілмеген. Барлық аталған сәйкессіздіктерді жою үшін түзетуші әрекеттер жүргізілді.

- Тәуекелдер мен мүмкіндіктерді басқару үшін ішкі/сыртқы факторлардың оң және теріс әсерлерін нақтырақ ашу тиімді болады.

2022-2023 оқу жылында факультет пен кафедралар бойынша тәуекелдер мен мүмкіндіктерді алдын-алу жолдары анықталған жоспары дайындалған. Факультет пен кафедра бойынша алдын-ала анықталған қауіп-қатерлер: Академиялық ұтқырлыққа байланысты ОПК және білімгерлердің шетелін (ағылшын тілі) нашар білуіне байланысты шетелдік тағлымдамадан өту мүмкіндігінің аздығы; Баспа талаптарын сақтамауына байланысты университеттің кейбір ОПК-ның оқу құралдары сапасының нашарлауы; Университеттің ОПК-ның әлемдік рейтингтік ғылыми индекстегі жарияланымдарға мақалалар жариялаудың жеткіліксіздігі; Оқу бағдарламаларының жаңғыртылуының баяу жүзеге асырылуы; Шет тілін меңгерген, IELTS 4.0 және одан жоғары сертификаттарды бар ОПК аздығы; ЖАК журналдарына мақалалар жариялауда бәсекелестіктің артуы; Аталған қауіп-қатерлер мен

		<p>тәуекелдердің алдын-алу жұмыстары үздіксіз жүргізілуде.</p> <p>- Сапа менеджменті жүйесі мен аккредитацияға қатысты жауапкершіліктерді барлық қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарында нақтырақ белгілеу тиімді болар еді.</p> <p>Талау барысында кафедраларда анықталған сапа мақсаты мен жоспарының толық орындалмауы көрініс тапты. Бұл сәйкессіздіктің себебі, ОПҚ рейтинг ережесіне сәйкес әлемдік рейтингтік ғылыми индекстегі жариялымдарға, ЖАК ұсынған және алыс, жақын, отандық журналдарға мақала жариялауға, оқулықтар мен оқу құралдарын дайындауға үлес қосқанымен, ғылыми тағлымдамадар, академиялық ұтқырлықтан баруға және студенттердің тұрақты ҒЗЖ жүргізуіне қолдау көрсетілмеуі, оларға жеткілікті көңіл бөлмегені байқалады. Сондай-ақ, оқу-әдістемелік жұмыстардың сапасын арттыруға, оқытудың озық технологияларын (кейс т.б.) енгізудегі және аратуды жоспарлаудың нақты болмауы анықталды.</p> <p>Ұсыныстар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Студенттердің ҒЗЖ сапалы орындалуына, олардың ғылыми зерттеумен үздіксіз шұғылданыуын қамтамасыз ету, арнайы үйірмелер ашу; 2. ОПҚ-ның оқу-әдістемелік жұмытарының сапасын арттыруға көңіл бөлу. Әр кафедралардан кейс т.б. технологияларын қолданатын және тәжірибеде таратын белсенді оқытушыларды анықтау, семинарлар мен ашық сабақтарды жана деңгейде ұйымдастыру; 3. Шетелде және елімізде академиялық ұтқырлықпен баратын ОПҚ үлесін арттыру. 4. Оқытушылардың ішкі кәсіби рейтингіне ұсыныстар енгізуді ұсыну.
№	Аккредиттеу эксперттерінің ұсыныстары	Жақсарту шаралары
1	<i>Аккредитация агенттігі тарапынан берілген ұсыныстар және постмониторинг бойынша атқарылған</i>	Факультет бойынша аккредитациядан өткен БББ бойынша мәлімет: 1. «Педагогика және психология» кафедрасынан КЕМ «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» бойынша 6В01101- Педагогика және

<p>жұмыстар</p>	<p>психология, 7M01101-Педагогика және психология, 8D01604-Педагогика және психология мамандықтарының білім беру бағдарламалары 5 жыл мерзімге мамандырылған аккредиттеуден 20.05.2020-19.05.2025 ж. өткендігі жөнінде сертификат берілді.</p> <p>2. «Білім технологиясы» кафедраға катысты мамандықтар: 6B01303-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі (Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі, 28.05.2022-27.05.2027ж), 7M01303-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі(Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі, 20.05.2020-19.05.2025ж.),6B01202-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу (Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі, 28.05.2022-27.05.2027ж.), 7M01202 - Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы (Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі,20.05.2020-19.05.2025ж) білім беру бағдарламалары аккредитациядан өткен.</p> <p>3. «Тарих» кафедрасы бойынша 6B01615-Тарих (Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі, 20.05.2020-19.05.2025ж.), 6B02231-Тарих(Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі, 25.05.2021-26.05.2026ж), 7M02210-Тарих (Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі, 20.05.2020-19.05.2025ж), 8D01604-Тарих (Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі, 28.05.2022-27.05.2027ж.) білім беру бағдарламалары аккредитациядан өткен.</p> <p>4. «Журналистика» кафедрасы бойынша 6B03239-Журналистика (Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі, 20.05.2020-19.05.2025ж.) білім беру бағдарламасы аккредитациядан өтті.</p> <p>Жаңа ашылған және білімгерлері 1-курста оқып жатқан 6B03279-Сандық теле-радио және журналистика білім беру бағдарламасын 2023-2024 оқу жылында аккредитациядан өткізуге дайындық жұмыстары басталды.</p> <p>Жоғарыда көрсетілген аккредитациядан өткен барлық БББ бойынша постмониторинг есептері сұратылған уақытта өткізілді. Аккредиттеу агенттігінің ескертпелерінің дені төмендегідей:</p> <p>- Бітіруші түлектермен жұмыс деңгейі өте</p>
-----------------	---

		<p>төмен. БББ-на бітіруші түлектерді қатыстыру жоқ;</p> <ul style="list-style-type: none"> - Тәуекелдерді басқару жоспарын білім беру бағдарламаларының ерекшеліктерін ескере отырып жасау; - Шетел университеттерімен, Түркия ЖОО-ларымен бірлескен білім беру бағдарламаларын жасау және т.б. <p>Сыртқы эксперттердің ұсыныстары кафедра және деканат мәжілістерінде талқыланып, жоспарлары жасалды. Барлық ескертпелерге кафедралар сөз түрінде жауап берді, ұсыныстар бойынша жақсарту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде.</p>
№	Ұлттық, бағдарламалық («Атамекен» ҰКП), ішкі рейтинг нәтижелері (кафедралар және факультет) көрсеткіштері бойынша талдау	Жақсарту шаралары
1	<p><i>Студенттердің оқу пәндері бойынша оқу жоспарларының сапасы және «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының оқу бағдарламаларының рейтингін зерттеу нәтижелері бойынша білім беру бағдарламаларының жаңартылуы еңбек нарығының заманауи талаптары толық қамтылмаған</i></p>	<p>Атамекен ҰКП тарапынан 2022 жылғы білім беру бағдарламаларының рейтингін зерттеу нәтижелері бойынша факультеттегі оқытылатын пәндерге, жалпы БББ-на сарапшылардан түзету және жақсарту үшін төмендегідей ұсыныстар мен ескертпелер келді:</p> <p>«Білім технологиясы» кафедрасы 6В01303 Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі мамандығы (білім беру бағдарламасы) арналған:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Риторика, балалар әдебиеті, бастауыш сыныпта әдебиеттік оқыту пәндерін біріктіре отырып «Әдебиеттік оқыту теориясы мен әдістемесі» пәнінің оқу бағдарламасын дайындау; - «Сабақты жоспарлау, өткізу және талдау әдістемесі, «Дамытушы сипаттағы сабақтарды ұйымдастыру» пәндерінің оқу бағдарламасын толықтыру, практикалық тапсырмаларың үлесін арттыру. - «Даярлық топтарындағы оқыту әдістемесі, «Даярлық топтарындағы балатұлғасын психологиялық-педагогикалық диагностикалау», «Білім берудегі менеджмент, «Педагогикалық

	<p>менеджмент» пәндерінің бағдарламасының(силлабусы) мазмұнындағы ұқсастық пен қайталануды жою.</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Қазіргі білім беру технологиялары, «Педагогикалық технология және инновация» екі пәннің силлабусы бірдей болғандықтан, пәнді біріктіру немесе бағдарламаларды жаңарту т.б. шараларын жүргізу; - «Педагогикалық технология және инновация» пәні бойынша пән бағдарламасын толықтырулар енгізу. Атап айтқанда, теориялық емес, практикалық тапсырмаларын жүйесін енгізу; - «Әдебиеттік оқу» пәні бойынша оқу бағдарламасын толықтыру. Атап айтқанда, қалыптастырушы, жиынтық бағалау, қысқа, ұзақ мерзімді жоспарлау, балалардың айналымы, тыңдалым т.б. дағдыларын дамыту үшін практикалық сабақтардың мазмұнын қайта жасау; - «Өзін-өзі тану пәнін оқыту әдістемесі» практикалық сабақтарды жоспарлауға бағытталған жұмыстарды іске асыру; - Мектепке дейінгі оқытуда АКТ оқытуды жүзеге асыру, «Мектепке дейінгі білім беруде дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» пәні мазмұнына Н.Ефименко технологиясын енгізу т.б. бағдарламаларын жаңарту. Сонымен қатар, «Балабақша әдіскері», «МДББ менеджменті», «МДҰ басқару» пәндерін біріктіріп оқыту мәселесін қарастыру. <p>Тарих кафедрасы 6В01615-Тарих, 6В02231 – Тарих білім беру бағдарламаларын бойынша оқу бағдарламаларының мазмұнын жетілдіру, нарық сұранысына сәйкес кейбір пәндердің бағдарламаларына тараулар енгізу қажеттігі талдау барысында анықталды. Осыны ескере отырып, «Тарих» пәнінің оқу бағдарламасының мазмұнына Ресей тарихын емес, дамыған еуропа елдерінің тарихынан тақырыптар енгізу; Қажет болған жағдайда «Тарих пәнін оқыту технологиясы» пәнін енгізу т.б.</p> <p>В01101 Педагогика и психология мамандығы (білім беру бағдарламасы) бойынша:</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Арнайы психология» оқу бағдарламасына (силлабусына) практикалық жұмыстар
--	--

		<p>тақырыптарын енгізу;</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Психотерапия» оқу бағдарламасына (силлабусына) өзекті тақырыптарды енгізу ұсынылады. Атап айтқанда, «Психотерапия түрлерінің бағыттары және практикада қолдану маңыздылығы» тақырыбын қосу т.б.; - «Басқару психологиясы» оқу бағдарламасын (силлабусын) толығымен жаңарту (еңбек нарығының талаптарына оқытылатын тақырыптарды енгізу) т.б.; - «Қазіргі білім беру технологиялары» бағдарламасына (силлабусына) қосымша білім саласындағы технологияларды т.б. енгізу. Бағдарламаны жаңғырту; - «Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызметті ұйымдастыру» силлабусына қосымша әдебиеттерді енгізу қарастырылады. «Психологиялық қызметті ұйымдастыру бағыттары мен практикада қолдану негіздері» тақырыбын енгізу ұсынылады; - «Эксперименталды психология» силлабусына «Зерттеу нәтижелерін Excel бағдарламаларында өңдеу», «Ғылыми мақалалармен жұмыс» тақырыптарын енгізу ұсынылады; - «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» силлабусына нақты жұмыстардың атаулары мен практикада қолдану мақсаттары қарастырылмаған; - «Педагогикалық менеджмент» силлабусына қазіргі практикадағы өзекті тақырыптарды енгізу ұсынылады; - «Тұлғаның дифференциалды психологиясы» силлабусына қосымша әдебиеттер мен интернет ресурстарын енгізу қарастырылады; - «Өзін-өзі тану пәнін оқыту әдістемесі» силлабусына бейнетаспалар картотексы мен интернет ресурстарын қосу қажеттілігі туындайды; - «Жас ерекшелік педагогикасы» силлабусына диагностикалық және практикалық жұмыстарды енгізу қарастырылады; - «Педагогика» пәнінің оқу бағдарламасына өзекті тақырыптар енгізу;
--	--	--

		<ul style="list-style-type: none"> - «Психикалық денсаулық профилактикасы және суицид первенциясы» пәнінің бағдарламасын жетілдіру. Балаларды түзету-дамытуға, диагностикалауға бағытталған практикалық тақырыптарды енгізу. «Жас ерекшелік психологиясы» пәнінен білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамыту үшін практикалық тақырыптар, тапсырмалар дайындау; - «Кәсіби кеңес беру психологиясы» пәніне өзекті тақырыптарды енгізу, бағдарламаны жаңғырту; - «Педагогиканың әдіснамасы мен әдістемесі» пәнінің мазмұнын толықтыру, «ғылым мақала жазу», Excel бағдарламасында зерттеудің нәтижесін өңдеу, «Көшбасшылық теориясы», «ТППД», «Отбасы тәрбиесі практикумы», «Инклюзивті білім беру», «Арттерапия практикумы», «Педагогикалық шеберлік», «Пед. психол. коррекция», «Тұлғаға бағдарланған білім беру», «Әлеуметтік педагогика», «Әлеуметтік психология», «Қарым-қатынас психологиясы», «Педагогиканы және психологияны оқыту әдістемесі», «Конфликтологияның заманауи мәселелері» пәндерінен білімгерлердің практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тақырыптар, тапсырмаларды енгізу. <p>Жақсарту шаралары: «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ағымдағы жылдағы рейтингіне қатысу кезінде кафедра меңгерушілері факультеттің ОӘК мен ФСҚК-мен біргесарапшылардың ұсыныстарын жан-жақты саралап, түзетуші әрекеттерді жасау. Нәтижелерін соңғы Факультет кеңесінде ұсыну. (Жауапты: кафедра меңгерушілері, ОӘК, ФСҚК. Орындалу мерзімі: 2023 жыл, маусым)</p>
2	<p><i>Ішкі рейтинг және факультет) көрсеткіштері</i></p>	<p>Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті 2021-2022 оқу жылындағы ішкі рейтинг нәтижелері бойынша 11 факультеттің ішінен 2-орынға тұрақтады. ip.ayu.edu.kz ақпараттық базасына жүктелген көрсеткіштер бойынша 90,25 штаттық</p>

	<p>бірліктегі ОПҚ құрамымен академиялық, ғылым және әлеуметтік-мәдени бағыты бойынша жалпы - 18065,60, орташа – 200,17 баллмен қорытындылады. Рейтинг көрсеткіштері бойынша Журналистика (5), Білім технологиялары (8), Қоғамдық ғылымдар (9) кафедралары университет деңгейінде алғашқы ондыққа енді. Тарих кафедрасы (15), Педагогика және психология (17) кафедрасы салыстырмалы түрде төмен көрсеткіш көрсетті. Әр бағыт бойынша тиісті талдау есептері жасалып, факультет кеңесінде талқыланды және тиісті департаменттерге де берілді.</p> <p>Әрбір орындалмаған және толық орындалмаған индикаторлар бойынша себептері анықталып, 2022-2023 оқу жылында жақсарту туралы әрбір кафедра меңгерушілері міндеттеме алды. Ағымдағы оқу жылының рейтинг нәтижелері қорытынды талдау кезінде қаралатын болады.</p>
--	--

SWOT ТАЛДАУ

Күшті жақтар	Даму (дамытулы мүмкін) бағыттары
<ul style="list-style-type: none"> - Білім беру бағдарламаларының нарық сұранысына сәйкес жаңартылуы; - Шетел университеттерімен бірлескен БББ дайындау мүмкіндігі; - ОПҚ және студенттердің тілдік құзыреттіліктерін дамыту мүмкіндіктерінің болуы; - Мамандықтарды аккредитациядан өтуде жоғары көрсеткішке жету мүмкіндігінің болуы; - Жұмыс берушілермен серіктестің болуы; - Тұтынушылардың сұраныстарын ұдайы зерттеу мүмкіндіктерінің болуы. 	<ul style="list-style-type: none"> - Оқытушылардың педагогикалық дамуы үшін ішкі және халықаралық ұтқырлықтың аз болуы. Бұл тұрғыда ілгерілеушілік бар, бірақ қажетті деңгейде емес. - Ғылыми-зерттеу жұмыстарына студенттердің, магистрант және докторанттардың қатысу деңгейінің төмен болуы. - Факультет инфрақұрылымының жеткіліксіздігі. - Студенттерге сапалы білім беруде инновациялық әдістерді енгізуді қарқынды жүргізу.

21. Оқытушы-профессор құрамы мен қызметкерлердің университет тарапынан жүргізілетін басқару процесіне, академиялық, инфрақұрылымдық және

әлеуметтік қолдау жүйелерінің қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастырылды. (қосымшада)

22. Оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына мониторинг жүргізілді. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақты сапалы әрі қызықты өтуге ұмтылуда. Оқытушыларының сабақ беру барысында жаңа технологиялар мен әдістемелерді кеңінен қолдану сабақтың сапасын артуда. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты әрі жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және басқа да адам келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін - өзі дамытып оқу - тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Факультеттің ОПҚ-ң сабақтарына оқу-әдістемелік бөлім басшылары, кафедра меңгерушілері, факультеттің және кафедраның оқу-әдістемелік төрайымы мен кафедра мүшелері қатысып, өткен сабақтарға талдау жасалып, хаттамалар дайындалды.

ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг нәтижелерін талдау

№	Оқушылардың аты-жөні	Пәні	Тақырыбы	Жоспарланған уақыты / күні	Аудитория
«Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру» кафедрасы					
1	Абдуллина Г.Т.	Дамытушы сипаттағы сабақтарды ұйымдастыру	Педагогикалық қарым-қатынастаы ізгілендіру және демократияландыру негізіндегі технологиялар	13.10.2022ж 10:30-11:20	
2	Ауезов Б.Т.	Шағын жинақты бастауыш мектептегі педагогикалық үдеріс теориясы мен технологиясы	Шағын комплектілі мектептердегі сабақ кестесінің түрлері және оларды құру технологиясы	15.11.2022ж 10:30-11:20	
3	Кайбулдаева Г.А.	Тәрбиеші шеберлігі	ҚР-ның мектепке дейінгі білім беру жүйесінің ерекшеліктері.	08.12.2022	
4	Базарбаев Канат Калдыбекович	Ататүрік принциптері	1908 жыл. II Мешрутиет кезеңі.	05.10.2022 13.30	
«Тарих» кафедрасы					
5	Оспанова Алия Абдужапаровна	Тарихи процесс және таным теориясы	Халықтардың ұлы қоныс аударуы	13.10.2022 10.30	
6	Каттабекова Назгүл	Қазақтың дәстүрлі материалдық	Қазақтың дәстүрлі киімі	15.11.2022 10.30	

		мәдениеті			
7	Тулегенов Едил Мейрбекович	Ежелгі дүние тарихы Еуропа	Рим республикасының құлауы	25.11.2022 11:30	
8	Гурсой Музаффер Бердірахман	Қазақтың дәстүрлі шаруашылығы	Егін шаруашылығының тарихы	25.11.2022 12.30	
9	Жораева Гулжамал Тулегеновна	Современная история Казахстана	Противоречия и последствия советских реформ в Казахстане во второй половине XX века	12.10.2022	
Қоғамдық ғылымдар кафедрасы					
10	Қалдыбай Қайнар Қалдыбайұлы	Философия	«Мәңгілік ел» және «Рухани жаңғыру» - жаңа Қазақстан философиясы	Сағ.09.30-10.20 20.12.2022	
11	Исаев Мұхтар Сейтханұлы	Философия	Тарих философиясы.«Мәңгілік Ел» және «Рухани жаңғыру» – жаңа Қазақстан философиясы	Сағ.12.30-13.20 21.12.2022	
12	Шылманбетов Саян Турысбекович	Философия	Адам философиясы	Сағ. 13.30-14.20 29.10.2022	
Педагогикалық ғылымдар кафедрасы					
13	Үмбетова А.	Инклюзивті білім беру	Сенсорлық бұзылысы бар балаларды жалпы білім беру үдерісіне қосу	Қазан, 2022	
14	Тасова А.	Басқару психологиясы	Шиеленстік ситуацияларды басқарудың психологиялық негіздері	Желтоқсан, 2022	
15	Паштанов С	Тәрбие теориясы мен әдістемесі	Оқушылар ұжымын қалыптастырудағы тәрбие жұмысының ерекшеліктері	Ақпан, 2023	
16	Шынпейіс Г	Тәрбие теориясы мен әдістеме	Сынып жетекшісінің қиын балалар мен жұмыстарының жүйесі	Наурыз, 2023	
«Журналистика» кафедрасы					
17	Тәжібаев Ғ.	Телеоператор шеберлігі	Кадр композициясы	Сағ. 13.30-14.20 29.10.2022	
18	Сердәлі Б.	Мерзімді баспасөз дизайны	Газет мұқабасының дизайны	Сағ. 13.30-14.20 20.11.2022	

Оқу әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша әдістемелік семинарлардың тізімі төмендегіше қарастырылды. Бұл семинарлар факультет бойынша жүргізілді, сонымен қатар кафедраларда да кафедра ішілік семинарлар ұйымдастырылды. Сонымен қатар семинарларға оқытушы-профессор құрамының қатысуына ықпал жасалынды.

№	Кафедра	Семинар тақырыбы	Мерзімі	Жауапты орындаушы
1	Қоғамдық ғылымдар	Онтология және гносеологияның оқытудың құрылымдық-мазмұндық және әдістемелік аспектілері	желтоқсан	Дайрабаева Г.Б.
2	Қоғамдық ғылымдар	Мәдениет философиясы және оның әдістемелік негізделуі	қараша	Малдыбек А.Ж.
3	Қоғамдық ғылымдар	Неміс классикалық философиясы пәнін оқытудың әдістемелік мәселелері	наурыз	Шадинова Г.А.
4	Қоғамдық ғылымдар	Ғылыми зерттеулерде қолданылатын әдіс-тәсілдер	қараша	Исаев М.С.
5	Қоғамдық ғылымдар	Абай шығармашылығын оқытудың әдіс-тәсілдері.	ақпан	Көлеген Г.Б.
6	Қоғамдық ғылымдар	Оқу мотивациясы - табысты оқыту кепілі	сәуір	Қалдыбай Қ.
7	Журналистика	Scopus мақаласын рәсімдеуге қойылатын талаптар	Желтоқсан, 2021	Ф.ғ.к., профессор Сердәлі Б.
8	Журналистика	Журналистика пәндерін жоғары оқу орнында оқыту әдістемесі	Наурыз, 2021	Ф.ғ.к., аға оқытушы Баешова Б.
9	Педагогикалық ғылымдар кафедрасы	Презентация арқылы видеосабакты жасау	Қыркүйек, 2021ж	Алимбекова С.Ш.
10	Педагогикалық ғылымдар кафедрасы	Педагогтардың кәсіби шеберлігі мен құзіреттілігін қалыптастыру	Қазан, 2021ж.	Кішібаева Д.Ж.
11	Педагогикалық ғылымдар кафедрасы	Білім беру жүйесін жетілдірудегі формативті бағалаудың маңыздылығы	Қараша, 2021ж.	Садуова Ж.Н.
12	Педагогикалық ғылымдар кафедрасы	Заманауи әдістерді қолдану (Prezi presentation)	Ақпан, 2022ж.	Тасова А.Б.
13	Педагогикалық ғылымдар кафедрасы	Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын педагогикалық тұрғыдан қолдау	Наурыз, 2022ж.	Паштанов С.У.
14	Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру	Латын әліпбиіне ерекшеліктері	қазан	Сахитжанова С.
15	Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру	"Жаңартылған білім беру бағдарламасының маңыздылығы"	қараша	Мейірбекова Г.
16	Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру	Инклюзивті оқытудың ерекшеліктері	қаңтар	Шалабаева Ж.
17	Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру	Ғылыми журналдарға мақала жариялау ережелері мен талаптары	наурыз	Сұлтанбек М.

23. ББ білім алушыларының контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру іс-шараларының нәтижелілігін талдау, жетілдірілді.

«Педагогика және психология» кафедрасы бойынша 2022-2023 оқу жылында кәсіби бағдар жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында кәсіптік бағдар мен педагогикалық, дипломдық, практика жұмыстары ұштастырылды. Педагогикалық практика өтетін бітірушілерге мамандықты сипаттайтын буклеттер беріліп, олардың баратын мектептерде біздің университеттің жетістіктерін, басқа ЖОО артықшылықтарын, өз мамандықтарының жетістіктерін түсіндіруді міндет етіп, педагогикалық практика есептерінде осы мақсатта атқарылған жұмыстары туралы көрсетілуін талап етті.

Кәсіби бағдар бойынша үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін кафедраға Түркістан облысының қалалары мен ауданында орналасқан және қала мектептері бөлінген болатын. Оқытушылар кесте бойынша өзіне бөлінген мектепке барып, білім беру бағдарламалары бойынша үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, оқушылардың таңдаған білім беру бағдарламалары бойынша жүргізілуде.

2022 – 2023 оқу жылына университеттің әлеуметтік желіде жарнамалау жұмыстары күшейтілуін, дарынды және талантты талапкерлерді университетке шақыру мақсатында іс-шаралар жоспары

№	Жоспарланған іс-шара	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
1	Мектеп мұғалімдерімен біріге семинарлар ұйымдастыру	01.03.2023-25.05.2023ж.	Кафедра меңгерушісі А.Рысбекова
2	Түркістан облысы аудандарындағы мектептермен байланыс жасау	01.03.2023-25.05.2023ж.	Аға оқытушы С.Паштанов. Аға оқытушы Г.Ашықбаева ОПҚ
3	Түркістан қаласындағы мектептерге барып үгіт насихат жасау	01.03.2023-25.05.2023ж.	Аға оқытушы С.Паштанов. Аға оқытушы Г.Ашықбаева ОПҚ
4	Кентау қаласының мектептерге барып үгіт насихат жасау	01.03.2023-25.05.2023ж.	Аға оқытушы С.Паштанов. Аға оқытушы Г.Ашықбаева ОПҚ
5	«Достық» және басқада білім беру орталығымен байланыс құру	01.03.2023-25.05.2023ж.	Аға оқытушы С.Паштанов. Аға оқытушы Г.Ашықбаева ОПҚ
6	Сарыағаш ауданының мектеп, колледждерге барып оқушылармен кездесу	01.03.2023-25.05.2023ж.	Аға оқытушы С.Паштанов. Аға оқытушы Г.Ашықбаева ОПҚ

Ағымдағы оқу жылында кәсіби бағдар бойынша «Тарих» кафедрасының оқытушы-профессор құрамының қатысуымен Түркістан қаласындағы С.Сейфуллин, М.Маметова №16 Т.Бигельдинов, №2 Хамза, №22, №5 Ғ.Мұратбаев, Ш.Ниязов, №17, Кентау қаласындағы № 4 (Кентау), №16 (Кентау) № №1 (Кентау), №14 (Кентау) мектеп оқытушыларымен кездесулер жүргізілді.

Кафедралар тарапынан 2022-2023 оқу жылына дарынды және талантты талапкерлерді қабылдау мақсатындағы іс-шаралар жоспары дайындалып, әр іс-шара бойынша жауапты оқытушылар бекітілді.

Кафедраларда оқытылатын мамандықтар туралы буклеттер дайындалды, буклет ішіндегі ақпараттар жаңартылып, жаңа мәліметтермен толықтырылды.

2022-2023 оқу жылына дарынды және талантты талапкерлерді қабылдау мақсатындағы іс-шаралар жоспары

№	Жоспарланған іс-шара	Орындалу	Жауаптылар
---	----------------------	----------	------------

		мерзімі	
1	2021-2022 оқу жылына дарынды және талантты талапкерлерді қабылдау мақсатындағы іс-шаралар жоспарын дайындап, бекіту.	01.11.2022ж.	Кафедра меңгерушісі, ОПҚ
2	Кафедрада оқытылатын мамандықтар туралы буклет дайындау, жаңарту.	01.12.2022ж.	Кафедра меңгерушісі, ОПҚ
3	Жетістікке жеткен түлектер, олардың еліміздің дамуындағы алатын орны, қызмет ету аймақтары жөнінде ақпараттық мәлімет дайындап, әлеуметтік желілерде тарату	01.12.2022-01.06.2023ж.	Кафедра меңгерушісі, ОПҚ
4	Кафедра қызметіндегі ғылым, білім бағытындағы алға қойылған жоспарлар, жетістіктер, кафедра ұстаздарының, білімгерлердің жетістіктері туралы Ясауи университеті газетіне, әлеуметтік желілерге жарияланым жасау.	01.02.2023-01.06.2023ж.	Кафедра меңгерушісі, ОПҚ
5	«Мамандығым мақтанышым» тәрбие сағатын өткізу, іс шараны әлеуметтік (Facebook, Instagram) желілерге жариялау	01.04.2023-15.05.2023ж.	Кафедра меңгерушісі, ОПҚ
6	«Жас талапкерге мамандық таңдауға кеңес» факультет көлемінде ашық есік өткізу және іс шараны әлеуметтік (Facebook, Instagram) желілерге жариялау	01.04.2023-01.06.2023ж.	Кафедра меңгерушісі, ОПҚ
7	Кафедра оқытушыларының жоспар бойынша қала аумағындағы орта мектептерге кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізу.	01.02.2023-01.06.2023ж.	Кафедра меңгерушісі, ОПҚ

«Педагогика және психология» кафедрасының білім беру бағдарламалары бойынша қабылданатын контингентке ұсыныс

№	БББ атауы	2023-2024 оқу жылына қабылданатын болжамды контингент
1.	6B01101- Педагогика және психология	20
2.	7M01101- Педагогика және психология	10
3.	8D01101- Педагогика және психология	10

«Педагогика және психология» кафедрасының аға оқытушысы С.Паштанов Түркістан қаласындағы №19 Яссы орта мектебінде және №15 М.Жұмабаев атындағы жалпы орта мектебінің бітіруші сынып оқушыларымен кездесіп, кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізді. Аға оқытушы А.Арыстанбаева Кентау қаласындағы мектеп-интернатта кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізді. Кәсіби бағдар берудің бекітілген кестесіне сәйкес барлық ОПҚ тиісті мектептерге барып мамандықтың білім беру бағдарламасымен түлектерді таныстырып, жарнамаларды таратты.

«Тарих» кафедрасының білім беру бағдарламалары бойынша қабылданатын контингентке ұсыныс

№	БББ атауы	2023-2024 оқу жылына қабылданатын болжамды контингент
1.	6B01615 -Тарих	20
2.	6B02231 -Тарих	20

3.	7M02210 –Тарих	10
4.	8D01604–Тарих	8

Кәсіптік бағдар бойынша «Тарих» кафедрасының аға оқытушысы Е.Жандарбаев, М.Салғараев, Л.Динашова т.б. Түркістан қаласындағы мектептерде, колледждерде 6B01615 -Тарих, 6B02231 –Тарих, білім беру бағдарламаларын жарнамалап, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.

24. ББ іске асыруда оқытуға қатысты академиялық мәселелерді регламенттейтін сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың келесі оқу жылына жарамдылығын және қолжетімділігін қамтамасыз етілуі қадағаланды.

ББ іске асыруда оқытуға қатысты академиялық мәселелерді регламенттейтін сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың келесі оқу жылына жарамдылығын және қолжетімділігі университет сайтында қамтамасыз етілген. Академиялық саясат құжатына ссыла: <https://ayu.edu.kz/38620-2>Регламенттер: <https://ayu.edu.kz/reglamenty>.

25. Білім алушыларын академиялық және әлеуметтік қолдау қызметтерінің нәтижелілігіне мониторинг жасалды.

Білім алушыларды Түркия Республикасы квотасынан босаған орындарға ауыстыру және оқу төлемақысына жеңілдіктер берілген. Университеттің 05.06.2019ж. бекітілген СМЖ УЕ-ХҚТУ-038-2019 «Ақылы негізде қабылданған білім алушыларға оқу төлемақысына берілетін жеңілдіктер Ережесінің» 6.1., 6.1.2, 6.1.3, 6.1.4, 6.2., 6.3., 6.4., баптарына, 09.10.2020ж. күні бекітілген СМЖ УЕ-ХҚТУ-038-2020 «Білім алушыларды Мемлекеттік білім беру грантынан және Түркия Республикасы квотасынан босаған орындарға ауыстыру Ережесінің» 6.1, 6.2, 6.3, 6.4, 6.5-баптарына және 2021-2022 оқу жылындағы университеттің жеңілдіктер беру комиссиясының шешіміне сәйкес берілді. Тұл жетім студенттерге екі мезгіл тамақтануға талон беріледі.

ТҰЛ ЖЕТІМ СТУДЕНТТЕРДІҢ ТІЗІМІ

№	Аты-жөні	Факультеті	Мамандығы	Тобы	Курсы, Оқу түрі	Үлгерімі GPA	Келген жері	Ескерту
1.	Жұмабекова Мейрамкүл Батырбекқызы	Әлеуметтік гуманитарлық ғылымдар	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	ПМД-011	4 курс, Грант	2,91	Түркістан	Қамқоршысы жоқ
2.	Сарбапиева Мираида		Педагогика және психология	ППП-211	1 ТТЕ грант	2,57	Қырғыстан	-

2022-2023 оқу жылында тіркелген мүгедек студенттер туралы мәлімет

№	Аты-жөні	Факультеті	Мамандығы	Тобы	Курсы, Оқу түрі	Үлгерімі GPA	Келген жері	Ескерту
1.	Батырхан Ердан Нұржанұлы	Әлеуметтік гуманитарлық ғылымдар	6B02331-Тарих мамандығы	ТТА-111	3 курс, Грант			
2.	Полат Арман	Әлеуметтік гуманитарлық ғылымдар	6B016-Тарихмамандығы	ТТА-211	2 курс, грант			

3.	Турдалиева Маншүк	Әлеуметтік гуманитарлы қ ғылымдар	6B016-Тарих	ТТА -211	2 курс, грант			
4.	Рахман Ж.	Әлеуметтік гуманитарлы қ ғылымдар	6B016-Тарих	ТТА -211	2 курс, грант			

Факультет ұсыныстары:

- 1) Оқытушы-профессор құрамының жетекші шетелдік жоғары оқу орындарында тағылымдамадан өтуіне мүмкіндік жасау;
- 2) Шетелден шақырылған профессорлар үлесін көбейту;
- 3) Оқытушы-профессорлар құрамының ағылшын және түрік тілін меңгеру деңгейін жоғарылату;
- 4) Факультеттің материалдық-техникалық базасын нығайту;
- 5) Ғылыми бағыттағы мамандықтардың өндірістік практикадан өту базалары ретінде ірі ғылыми-зерттеу институттармен қарым қатынас орнату;
- 6) Инновациялық оқыту әдістері бойынша семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру;
- 7) Қашықтықтан білім беру технологиялары және инклюзивті білім беру бойынша оқу-әдістемелік жұмыстарды жетілдіру;
- 8) Дуалды білім беру бойынша жұмыстарды жандандыру;
- 9) Жұмыс берушілермен кері байланысты күшейту.
- 10) Студенттердің білім сапасына қанағаттану деңгейін жоғарлату.
- 11) ББ тартымдылығын арттыру.

Факультеттің сапаны қамтамасыз ету
жөніндегі комиссияның төрағасы:



Ж.Шалабаева